

Саран қаласы және Ақтас кенті бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участеклерінің ең жоғары мөлшерін бекіту туралы

Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 47/05 бірлескен қаулысы және Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 тамыздағы № 52 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1-бабының 2-1-тармағына, "Уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін, шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участеклерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 42 қаулысына сәйкес, "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде Саран қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Саран қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Осы бірлескен Саран қаласы әкімдігінің қаулысы мен Саран қалалық мәслихаты шешімінің қосымшасына сәйкес Саран қаласы және Ақтас кенті бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участеклерінің ең жоғары мөлшері бекітілсін.

2. Осы бірлескен Саран қаласы әкімдігінің қаулысы мен Саран қалалық мәслихаты шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласы әкімінің м. а.

Саран қалалық мәслихатының төрағасы

А. Сулейменов

О. Баймаганбетов

Бірлескен Саран қаласы  
әкімдігінің

2023 жылғы "27" шелдедегі №

47/05 қаулысы мен

Саран қалалық мәслихатының

2023 жылғы "3" тамыздағы №

52 шешіміне

қосымша

**Саран қаласы және Ақтас кенті бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участкерінің ең жоғары мөлшері**

№ р/с	Атауы	Жалпы ауданы, гектар
1	Саран қаласы және Ақтас кенті	100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК